

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.1 - С.266-269

ИМПОРТТАЛҒАН ГОЛШТИН ТҰҚЫМ СИЫРЛАРЫНАН АЛЫНҒАН БҰЗАУЛАРДЫҢ ӨСІП-ДАМУЫ

*Шалхыманова Ф.,
Шайкенова К.Х.*

Қазіргі уақытта сүтті мал шаруашылығында импортталған малдың рөлі артуда. Заманауи технологиялар қолданылатын шаруашылықтарда жергілікті малдың рөлі де артатыны сөзсіз, алайда бұл шаруашылықтарда импорттық мал бар екенін атап өткен жөн. Сондықтан, импортталған тұқымдармен жұмысты ұйымдастыру кезінде жергілікті малдарға да үлкен назар аударылатынын көптеген тәжірибелер көрсетеді.

Соңғы жылдары сүтті мал шаруашылығы саласында индустриялық технологиялар белсенді енгізілуде, жоғары өнімді голштин малын әкелу жүзеге асырылуда [1]. Импорттық селекциялардың өнімділігі жоғары малдарын пайдалану, қысқа мерзімде сүт өнімділігі мен өндірістің рентабельділігін арттыруға мүмкіндік береді [2].

Сүтті мал шаруашылығындағы мал басының айналымы мен экономикалық тиімділігін арттыруда өнімділігі жоғары сиырлар мен олардан алынатын бұзаулар үлкен рөл атқаратыны белгілі. Жаңа туған бұзауларды тиімді өсіру мен оларға жағдай жасау арқылы болашақта табынның құрылымын жақсартуға және сүт өнімділігін арттыруға болады. Мұндай маңызды міндеттердің бірі – дені сау жас малдарды алу және өсіру. Сондықтан мал шаруашылығының бәсекелестігі бұзауды алу және өсіру кезеңінде қалыптасады, бұл олардың өміршеңдігімен, денсаулығымен, өсуімен, дамуымен, азықтандыру, күтіп-бағу және емдеу шығындарымен анықталады.

А. Ф. Шевхужев [3] зерттеуінде атап өткендей, зоотехниядағы өсу мен дамуды басқару мәселесі әрқашан өзекті болды. Малдардың жеке дамуы генотипінің күрделі өзара әрекеттесуі және тұқым қуалайтын негізі жүзеге асырылатын, нақты қоршаған орта жағдайлары нәтижесінде жүреді. Малдардың дамуы - сандық және сапалық өзгерістердің үздіксіз тізбегі.

Жас малды өсіру кезінде бұзау туылған сәттен бастап 6 айға дейінгі уақыт ең маңызды және жауапты кезең болып саналады. Бұл кезеңде жануардың тез өсуін қамтамасыз ету және семіздікке жол бермей жақсы салмаққа қол жеткізу қажет. Сонымен қатар, барлық бұзауларда ас қорыту

мүшелерінің және ұрғашы бұзаулардың сүт безінің дұрыс қалыптасқанына үлкен мән беріледі.

Туылған кезде бұзаудың салмағы орташа алғанда, 25-45 кг немесе ересек сиырдың салмағының 7-9% құрайды. Бұл көрсеткіш, ең алдымен, ұрықтың даму кезеңінде сиырлардың тұқымы мен жағдайына байланысты. Дұрыс азықтандыру және күтіп-бағу кезінде бір жасқа дейінгі бұзаулардың тірі салмағы 250-350 кг жетеді. Осы кезеңдегі орташа тәуліктік өсім ұсақ тұқымдарда 500-600 г, ал үлкендерінде 800-900 г құрайды. Өмірінің екінші жылының аяғында жас малдардың орташа тәуліктік өсуі 300-400 г дейін төмендейді [4].

Бұзауды өсіру кезінде суару процесімен танысу өте маңызды. Зерттеулер барысында Т.И. Исинтаев, Н. С. Хасенов, Ю. А. Ушаков [5] бұзауларды суарудың негізгі факторларын, жаңа туған бұзауларды азықтандыруға арналған жұмыстардың терең талдауын, бұзаулардың сақталуын, өсуі мен дамуы тәуелді болатын суару процесінің төрт негізгі факторын технологиялық тұрғыдан бөлуге мүмкіндік беретінін атап өтті:

- 1) Жаңа туған бұзауларға уыз ішкізудің басталу уақыты (мин.);
- 2) Күніне азықтандыру саны;
- 3) Ішілетін уыздың температурасы (°C);
- 4) Азықтандыруға арналған уыз мөлшері (л).

Сондай-ақ, Ю. В. Сизовада [6] өз зерттеуінде суарудың маңыздылығын атап өтті, қазіргі уақытта көптеген жетекші фермалардың ұсыныстарына сәйкес, бұзау туылған кезде уыз немесе тұтас сүтті алмастырғышты (ЗЦМ) бұзау салмағының 10%-дай мөлшерінде ішу ұсынылады.

Жас малдардың тірі салмағы бойынша, Н.В.Соболева мен басқа да авторлардың [7] зерттеулерінде анықталғандай, жастары өскен сайын импортталған жас малдардың өсу энергиясы біртіндеп арта бастайды. 6 айға қарай бұл малдар тірі салмағы бойынша зерттелген тұқымдардың ішінен таза тұқымды аналогтарынан сәйкесінше 2,2 және 10,5 кг (1,3—6,6%) асып түседі. 12 айға қарай олар жергілікті селекциядағы таза тұқымды және аралас жануарлардан 2,3—17,8%, ал 18 айда 7,3-12,4% жоғары болады.

Сонымен қатар, көптеген авторлардың [8] зерттеу нәтижелеріне сәйкес, әкелінген малды және одан алынған ұрпақтарын пайдалану жергілікті селекциядағы малдарлармен салыстырғанда тиімді. Импорттық сиырларда сүт өндірудің рентабельділік деңгейі 5,9% - ға жоғары болса, ал олардан алынған қыздарының бақылау топтарындағы малдармен салыстырғанда 13,4% - ға жоғары болды.

Бұл авторлардың зерттеуінің нәтижесіне қарама-қарсы, яғни импорттық малды сатып алмау жайлы пікірлерін В.В Лященко мен басқа авторлар өз зерттеуінде алға тартты. Зерттеуде көрсетілгендей авторлардың пікірінше, қазіргі заманғы сүт кешендері мен фермаларды импорттық мал басына жинақтау үлкен қаржылық салымдарды талап етеді, сондай-ақ әкелінетін жануарларды жергілікті табиғи-климаттық жағдайларға бейімдеу мәселелерін туғызады, бұл одан әрі олардың денсаулығы мен өнімділігіне әсер етеді. Жоғары өнімді табынды қалыптастыру үшін элиталық бұзауларды

жеке өсіруді ұйымдастыру қажет. Жеке жөндеу қашарларын өсіру өндірістің тұйық циклын құруға, мал импортын қысқартуға, жануарларды асыраудың және азықтандырудың ерекше жағдайларына бейімдеу мәселелерін шешуге мүмкіндік береді [9,10].

Зерттеу Ақмола облысының «Камышенка» тауарлы сүт фермасында жүргізілуде. Бұл зерттеу жұмысының өзектілігі – Қазақстан Республикасының солтүстік аймағына импортталған голштин тұқым сиырларынан алынған бұзаулардың өсіп-дамуы зерттелінеді.

Зерттеудің мақсаты: импортталған голштин тұқым сиырларынан алынған бұзаулардың өсіп-дамуын зерттеу. Осы мақсатқа сәйкес, жұмысты орындау барысында келесі міндеттер алға қойылды:

- Импортталған голштин тұқым сиырларынан алынған бұзаулардың тәжірибе топтарын қалыптастыру;

- Жаңа туған бұзаулардың салмағын өлшеу, дене өлшемдерін өлшеу және индекстерін есептеу;

- 6 айлық бұзаулардың дене өлшемдерін өлшеу және индекстерін есептеу, орташа тәуліктік салмағын, абсолютті және салыстырмалы салмағын есептеу;

- 12 айлық бұзаулардың дене өлшемдерін өлшеу және индекстерін есептеу, орташа тәуліктік салмағын, абсолютті және салыстырмалы салмағын есептеу;

- Туғаннан 12 айлық жасқа дейінгі бұзауларды өсірудің экономикалық тиімділігін есептеу.

Ғылыми-зерттеу жұмысының көрсетілген міндеттерді орындай отырып, Ақмола облысының «Камышенка» ЖШС тауарлы сүт фермасында зерттеу объектісі ретінде салыстырмалы түрде жергілікті және импортталған сиырлардың бұзаулары іріктеліп алынады. Тәжірибелік жұмыстар қос-аналогтық әдіс бойынша жүргізіледі: 1 топ – бақылау тобы (n=10), 2 топ – тәжірибелік топ (n=10).

Іріктеліп алынған 2 топтың бұзауларына жеке топтық базада, бірдей күтіп-бағу және жекелей сүтке деген қолжетімді жағдайлар жасалынды.

Негізгі зерттеулерді жүргізу үшін импортталған голштин тұқым сиырларынан алынған бұзаулардың туғандағы салмағы, 6 айлық жастағы салмақтары арнайы өлшеуіш таразымен өлшеніп, орташа тәуліктік, абсолютті және салыстырмалы салмақтары есептелінеді. Сонымен қатар, бұзаулардың туғандағы және 6 айлығында дене өлшемдері арнайы өлшеуіш құралдармен: өлшеуіш таяқ; өлшеуіш таспа; өлшеуіш циркуль алынып, индекстері есептелінеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Морозова Н.И. Сравнительная оценка молочной продуктивности коров голштинской породы голландской селекции / Н.И. Морозова, П.А.Костычева, С.Р. Подоль, М.А. Улькина // Зоотехния. – 2012. – №5. – С. 18-19.

2. Тягунов Р.С. Оценка экстерьера коров голштинской породы различной селекции / Р.С. Тягунов, В.Ф. Гридин // Аграрный вестник Урала. - 2012. - №2. - С. 22-23.
3. Шевхужев А. Ф. Адаптационные способности и молочная продуктивность симменталов в условиях Карачаево-Черкесии /А.Ф. Шевхужев, И.О. Хапсирокова // Молочное и мясное скотоводство. -2009. - №6. - С. 16-17.
4. Николаенко Е. И., Лукина Д. В., Глебова И. В. Особенности кормления телят в молозивный период / Николаенко Е. И., Лукина Д. В., Глебова И. В. // Наука и общество в условиях глобализации: научный журнал. - Общество с ограниченной ответственностью "Ника" (Уфа), 2019. – Т. 1, № 6. – С. 30-33.
5. Исинтаев Т. И., Хасенов Н. С., Ушаков Ю. А. Механизация кормления телят профилактического периода / Т. И. Исинтаев, Н. С. Хасенов, Ю. А. Ушаков // Известия Оренбургского государственного аграрного университета: научный журнал. - Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего образования «Оренбургский государственный аграрный университет», 2016. – Т. 3, № 59. – С. 95-98.
6. Сизова Ю. В. Влияние кормления на рост и развитие телят / Ю. В. Сизова // Известия Оренбургского государственного аграрного университета: научный журнал. -, 2016. – Т. 2, № 58. – С. 106-108.
7. Соболева Н.В. Рост и развитие ремонтных телок в зависимости от их породной принадлежности / Е.А. Китаев, С.В.Карамеев, Х.З.Валитов // Известия Оренбургского государственного аграрного университета. – 2009. – №4 (24).
8. Alimzhanov, B.O., Alimzhanova, L.V., Bostanova, S.K., Sheiko, Y.N., Isabekova, S.A. Milk productivity and natural resistance of holstein-breed heifers of own generation http://www.biolmedonline.com/Articles/Vol8_2_2016/BM-171-16_Milk-productivity-and-natural-resistance-of-Holstein-breed-heifers-of-own-generation.pdf (2016) *Biology and Medicine*, 8 (2), art. no. 2
9. Lyashenko, V.V., & Balakirev, N.A., & Yuldashbayev, Y.A. (2020). Modern technologies for increasing the reproduction level in dairy cattle // *bulletin of the national academy of sciences of the republic of kazakhstan*, 1, 72-79.
10. Шайкенова К.Х., Современный опыт использования заменителя цельного молока в кормлении телят в молочный период. // Шайкенова К.Х., Беккожин А.Ж., Исабекова С.А. Многопрофильный научный журнал «3: intellect, idea, innovation – интеллект, идея, инновация. Костанайский государственный университет им. А. Байтурсынова № 1 2019, С.129-136